

## 🌐 АҚБАС ҚҰМАЙДЫҢ (*Gyps fulvus*) МЕКЕН ЕТУ АРЕАЛЫ

Еуропа, Таяу Шығыста арқылы таралып, Жерорта теңізіндегі кейбір аралдар популяцияларын қоса алғанда Үндістаннан батыста Португалияға дейін кездеседі. Ареалға сонымен қатар, Түркия, Қырым түбегі, Кавказ және Орталық Азия кіреді.



## 🌐 ҚҰМАЙДЫҢ (*Gyps himalayensis*) МЕКЕН ЕТУ АРЕАЛЫ

Тянь-Шань, Памир-Алтай, Гималай және Тибет тауларының аумақтарында ұя салады.



### Шартты белгілер

🌐 Әлемде 🇰🇿 Қазақстанда 🇺🇿 Өзбекстанда

🏥 Жыртқыш сүтқоректілермен күресуге арналған улы жемдерден абайсызда улану.

📌 Стероидты емес қабынуға қарсы ветеринариялық препараттармен улану.

🏗️ Түрлердің ұя салатын жерлерінің жанында тау-кен жұмыстарын кеңейту.

⚡ Жел электр станцияларының құрылысы.

🔧 Ұя салатын орындардағы ұяларды мазалау.

⚡ Әуе электр беру желілерінде құстардың қазасы көбінесе қыстайтын жерлерде болады.

🍲 Қорек-жем қорының жеткіліксіздігі.

🏠 Аң аулау кезінде жоғалған жараланған аңдардағы оқ-дәрілердегі қорғасынмен абайсызда улану.

Тимур Абдарауповтің, Валентин Солдатовтың, Игорь Карякиннің, Алёна Каптёнкинаның фотолары  
Мұқабадағы фотода: ақбас құмай

### Ақпарат дереккөздері

Красная книга Республики Казахстан (2010)  
Состояние популяций хищных птиц-падальщиков в Казахстане (2012)  
Multi-species Action Plan to Conserve African-Eurasian Vultures (2017)  
Красная книга Республики Узбекистан (2019)  
Катастрофическое сокращение численности белоголового сипа в горах Каратау, Казахстан (2023)  
[www.iucnredlist.org](http://www.iucnredlist.org)  
[www.4vultures.org](http://www.4vultures.org)



Құмай • Сақалтай • Тазқара • Ақбас Құмай

ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ  
ЖЕМТІКТЕРМЕН  
ҚОРЕКТЕНУШІ ІРІ ҚҰСТАРЫ

## 🌐 САҚАЛТАЙДЫҢ (*Gypaetus barbatus*) МЕКЕН ЕТУ АРЕАЛЫ

Азияда — бүкіл Гималайда (Орталық Қытай, Солтүстік Үндістан, Непал, Пәкістан, Ауғанстан, Орталық Азия, Моңғолия). Таяу Шығыста — Ираннан Түркияға, Йеменге және Сауд Арабиясына дейін. Шығыс және оңтүстік Африкада кездеседі. Еуропада — Пиренейде, Сьерра-Невада мен Альпіде, Корсика мен Критте.



## 🌐 ТАЗҚАРАНЫҢ (*Aegypius monachus*) МЕКЕН ЕТУ АРЕАЛЫ




Түр Еуропада, Күнгей Кавказда және Ресейде ұя салады. Сонымен қатар, Орталық, Шығыс және Оңтүстік Азияда таралған.




## АҚБАС ҚҰМАЙ • БЕЛОГОЛОВЫЙ СИП • ОҚ БОШЛИ ҚУМОЙ


*Gyps fulvus*

**ДӘРЕЖЕСІ:** Аз қауіп алаңдататын түр.

**САНЫ:**  жыныстық жетілген 80 000–900 000 бас құс  
 бірнеше ондаған  зерттелмеген

**ТАРАЛУЫ:**

 Қазақстан түр ареалының солтүстік-шығыс шетінде орналасқан. Батыс Тянь-Шаньда, Қаратауда, Шу-Іле тауларында ұя салады. 2016 жылдан бастап бұл түр елдің батысында Ақтау тауларында ұя салатыны белгілі.

 Батыс Тянь-Шаньда, Батыс Памир-Алайда, Қызылқұмның қалдық тауларында ұя салады, барлық жерде дерлік көшпелі.

**МЕКЕН ЕТЕТІН/ҰЯ САЛАТЫН ЖЕРЛЕРІ:** Таулы аймақтарда — жартас қуыстарында, текшелерінде, шағын үңгірлерде ұя салады.

**ҚОРЕГІ:** Жемтік.

**ТАБИҒИ ЖАУЛАРЫ:** Жоқ.

**ҚАУІПТЕР:**       

**ҚОНЫС АУДАРУЫ:** Көшпелі, жартылай отырықшы түр.

**ҚЫСТАЙТЫН ЖЕРЛЕРІ:** Болжам бойынша Үндістан мен Пәкістан.



Реңкі құм түстіден қою қоңыр түске дейін, басы мен мойны ақ, ақшыл мамықпен жабылған. Қысқа қауырсындардан тұратын жағасы ақ, күміс түстес жабындысы бар үстіңгі жағы қоңырлау.




## ҚҰМАЙ • КУМАЙ • ҚУМОЙ


*Gyps himalayensis*

**ДӘРЕЖЕСІ:** Осал жағдайға жақын түр.

**САНЫ:**  жыныстық жетілген 66 000–334 000 бас құс  
 50 жұп  зерттелмеген

**ТАРАЛУЫ:**

 Ұя салатын ареал Қазақстанда елдің оңтүстігіндегі Талас Алатауынан оңтүстік-шығыстағы Жоңғар Алатауының шығыс шекарасына дейін созылады.

 Батыс Тянь-Шань, Түркістан жотасы — көшпелі қоныс аударады, Гисар жотасында жекелеген ұя салулар белгіленген.

**МЕКЕН ЕТЕТІН/ҰЯ САЛАТЫН ЖЕРЛЕРІ:** Теңіз деңгейінен 1700–3100 м биіктіктегі тауларды мекендейді, жартасты жарқабақтарда, орман белдеуінің жоғарғы шекарасынан бас жақтарында ұя салады.

**ҚОРЕГІ:** Жемтік; сирек жағдайларда кеміргіштер мен құстар.


**ТАБИҒИ ЖАУЛАРЫ:** Жоқ.

**ҚАУІПТЕР:**       

**ҚОНЫС АУДАРУЫ:** Отырықшы түр.

**ҚЫСТАЙТЫН ЖЕРЛЕРІ:** Жас құстар жүздеген шақырымға дейін көше алады.




Ересек құстардың басы мен мойны ақ мамықпен жабылған, жағасында қоңыр ұшталған қауырсындар бар. Ересек құстар ақбас құмайға ұқсайды, олар денесінің ашық, қоңырға қарағанда сұрғылт реңктермен, құйрық үстімен және қанатының асты ақ болуымен ерекшеленеді. Тұмсық түбі бозғылт қоңыр түсті.




## ТАЗҚАРА • ЧЁРНЫЙ ГРИФ • ТАСҚАРА


*Aegypius monachus*

**ДӘРЕЖЕСІ:** Осал жағдайға жақын түр.

**САНЫ:**  жыныстық жетілген 16 800–22 800 бас құс  
 150–300 жұп  зерттелмеген

**ТАРАЛУЫ:**

 Оңтүстіктегі Қазығұрт пен Қаратаудан солтүстіктегі Алтайға дейінгі барлық таулы аймақтарда ұя салады. Елдің батыс бөлігінде бірнеше ұя салатын жерлері белгілі.

 Батыс Тянь-Шаньда, Батыс Памир-Алайда, Бұқантау, Тамдытаудың қалдық тауларында мекен етеді.

**МЕКЕН ЕТЕТІН/ҰЯ САЛАТЫН ЖЕРЛЕРІ:** Тоғайлардың ұштарында, жартастардың текшелерінде.

**ҚОРЕГІ:** Тоғайлардың ұштарында, жартастардың текшелерінде.

**ТАБИҒИ ЖАУЛАРЫ:** Үкі, бүркіт, түлкі.

**ҚАУІПТЕР:**       

**ҚОНЫС АУДАРУЫ:** Көшпелі түр.

**ҚЫСТАЙТЫН ЖЕРЛЕРІ:** Болжам бойынша Үндістан мен Пәкістан.






Қауырсыны қою қоңыр, қоңырлау түсті. Жасаңдарының реңкі қара түсті. Басы мамықпен жабылған, басында қауырсын жоқ. Мойнында қысқа қауырсындардың үлпілдек жағасы көзге түседі.

## САҚАЛТАЙ • БОРОДАЧ • БОЛТАЮТАР

*Gypaetus barbatus*


**ДӘРЕЖЕСІ:** Осал жағдайға жақын түр.

**САНЫ:**  жыныстық жетілген 1 675–6 700 бас құс  
 50–100 жұп  зерттелмеген

**ТАРАЛУЫ:**

 Оңтүстік-шығыстағы биік таулы аймақтарды мекендейді.

Үстіртке ұшып келгендері белгілі.

 Батыс Тянь-Шаньда, Батыс Памир-Алайда, Ақтаудың қалдық тауларында ұя салады.


**МЕКЕН ЕТЕТІН/ҰЯ САЛАТЫН ЖЕРЛЕРІ:** Мекен ететін/ұя салатын жерлері: Шалғай жатқан, тік рельефті жарқабақты аймақтарда, әдетте 1000 м-ден жоғарыда. Жартас қуыстарында, текшелерінде ұя салады.

**ҚОРЕГІ:** Жемтік — шамамен 85% сүйектер.

**ТАБИҒИ ЖАУЛАРЫ:** Жоқ.

**ҚАУІПТЕР:**    

**ҚОНЫС АУДАРУЫ:** Отырықшы түр.



Құйрығы мен қанаттары қаралау, астыңғы жағы бозғылт, кеуде және мойын қызылдау. Тұмсығынан көздеріне дейін қара жолақ бар. Тұмсықтың түбінде — бір шоғыр кішкене қара қауырсын («сақал») болады. Жасаң сақалтайлардың басы қара-қоңыр, қарны жағы сұр-қоңыр түсті.